**"12 жылдық мектептің бірінші сыныбына оқушыларды қабылдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 маусымдағы № 339 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 309 бұйрығы

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 28-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «12 жылдық мектептің бірінші сыныбына оқушыларды қабылдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 маусымдағы № 339 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 21 шілдеде № 4824 тіркелген, «Заң газетінде» 2007 жылғы 5 қыркүйекте № 135 (1164) тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы бұйрықтың ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Министр* *А.Сәрінжіпов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК